КГКП «Облыстық қуыршақ театры» қызметкерлерінің туыстық немесе жақындық қатынастары бар тұлғалар басқаратын ұйымдармен шарт жасалмаған.

2.5. Көркем-қойылым бөлімінің қызметі

Қоюшы-бейнелеу қызметіне қатысты костюмдер тігу, декорациялар мен бутафория дайындау бойынша талдау жүргізілді.

Театр репертуарын жоспарлау бойынша Өнер кеңесінің шешімі негізінде жылдық жұмыс жоспары әзірленеді. Әрбір қойылымға арналған шығын сметасы қоюшы бөлім бастығы, режиссер және бас суретшімен бірлесіп құрастырылады. Кейін бұл сметалар қажетті материалдарды сатып алу үшін мемлекеттік сатып алулар порталына орналастырылады.

Смета бойынша бекітілген және нақты сатып алынған шығындар арасында айырмашылықтар анықталмады.

2.6. Қаржы-экономикалық бөлім қызметі

Кәсіпорынның қаржыландырылуы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексіне және жыл сайынғы қаржыландыру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қаражат республикалық және жергілікті бюджеттен трансферттер есебінен бөлінеді.

Бюджеттік өтінімнің мақсаты – шығыстар көлемінің негіздемесін сандық және қаржылық ақпарат негізінде ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығы бойынша дайындау.

Еңбекақы төлеу ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Бюджет қаражаты 2014 жылғы 14 қарашадағы №494 бұйрықпен бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес жұмсалады.

Бюджеттік өтінім СҚО әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына жолданады. Театр бюджеті «Ашық бюджеттер» интерактивтік картасына орналастырылған.

Ай сайын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне қарасты Ұлттық статистика бюросының СҚО статистика департаментіне кәсіпорынның кірістері мен шығыстары бойынша есеп ұсынылады. Бұл мәліметтер мемлекеттік реестрдің ашық платформасында орналастырылады.